

ISSN 2073-333X

*Международный научный журнал*

**Қазақстанның ғылымы мен өмірі**  
**Наука и жизнь Казахстана**  
**Science and life of Kazakhstan**

**№6/3 2019**



**РЕСПУБЛИКА САРАЙЫ**  
**Алматы қаласы**

**Құрылтайшы:**  
«ҚҰҚЫҚТЫҚ МИССИЯ» ҚОҒАМДЫҚ ҚОРЫ  
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН КРИМИНОЛОГИЯЛЫҚ КЛУБЫ

**Учредитель:**  
ОБЩЕСТВЕННЫЙ ФОНД «ПРАВОВАЯ МИССИЯ»  
МЕЖДУНАРОДНЫЙ КАЗАХСТАНСКИЙ КРИМИНОЛОГИЧЕСКИЙ КЛУБ

**Founder:**  
PUBLIC FOUNDATION «LEGAL MISSION»  
INTERNATIONAL KAZAKHSTAN CRIMINOLOGY CLUB

**ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҒЫЛЫМЫ МЕН ӨМІРІ  
НАУКА И ЖИЗНЬ КАЗАХСТАНА  
SCIENCE AND LIFE OF KAZAKHSTAN**

**Халықаралық ғылыми журнал  
Международный научный журнал  
International science journal**

**№6/3 2019**

**Бас редактор – Алауханов Е.О.**  
«Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері», заң ғылымдарының докторы, профессор

**Главный редактор – Алауханов Е.О.**  
«Заслуженный деятель Казахстана», доктор юридических наук, профессор

**Editor-in-chief – Alaukhanov Y.O.**  
«Honored Worker of the Republic of Kazakhstan», Doctor of Law, professor

**Алматы 2019**

## СОДЕРЖАНИЕ – МАЗМҰНЫ – CONTENTS

### ЗАҢ ҒЫЛЫМЫ – ЮРИДИЧЕСКАЯ НАУКА – LAW SCIENCE

<b>Исабаев Ч.А.</b> ВОПРОСЫ КВАЛИФИКАЦИИ И РАССЛЕДОВАНИЯ ПРЕСТУПЛЕНИЙ В ОТНОШЕНИИ СОТРУДНИКОВ СПЕЦИАЛЬНЫХ ГОСУДАРСТВЕННЫХ И ПРАВООХРАНИТЕЛЬНЫХ ОРГАНОВ .....	19
<b>Капсалям К.Ж., Капсалям С.С.</b> СОВРЕМЕННЫЕ ПРОБЛЕМЫ ПРОФИЛАКТИКИ ПОДРОСТКОВОЙ ПРЕСТУПНОСТИ .....	24
<b>Калдарбекулы О.</b> ВОПРОСЫ РЕАЛИЗАЦИИ ПРАВА ГРАЖДАН НА РАВНОЦЕННОЕ ВОЗМЕЩЕНИЕ ПРИ ПРИНУДИТЕЛЬНОМ ОТЧУЖДЕНИИ ЗЕМЕЛЬНЫХ УЧАСТКОВ ДЛЯ ГОСУДАРСТВЕННЫХ НУЖД .....	30
<b>Катаев Н.А.</b> К ПРОБЛЕМЕ ПРОКУРОРСКОГО НАДЗОРА В СФЕРЕ ГОСУДАРСТВЕННЫХ ЗАКУПОК .....	33
<b>Мырзатаев Н.Д.</b> ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫН БАСҚАРУДАҒЫ ЖАУАПТЫЛЫҚТЫ ЖЕТІЛДІРУДІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ АСПЕКТІСІ .....	38
<b>Рахмет Е.Д.</b> О ПОНЯТИИ ПРАВОВОГО РЕГУЛИРОВАНИЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ОРГАНОВ ВНУТРЕННИХ ДЕЛ В СФЕРЕ ОБЕСПЕЧЕНИЯ БЕЗОПАСНОСТИ ДОРОЖНОГО ДВИЖЕНИЯ.....	45
<b>Смаилов О.Х.</b> ПРОБЛЕМЫ ВЫЯВЛЕНИЯ И НЕЙТРАЛИЗАЦИИ ОСНОВНЫХ КРИМИНОГЕННЫХ ФАКТОРОВ, ОБУСЛАВЛИВАЮЩИХ СОВЕРШЕНИЕ УГОЛОВНЫХ ПРАВОНАРУШЕНИЙ С ПРИМЕНЕНИЕМ ВЗРЫВНЫХ УСТРОЙСТВ .....	49
<b>Сыздықова А.А., Нәбиханова А.Б.</b> ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ОМБУДСМЕН ИНСТИТУТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ .....	53
<b>Тажмағамбет А.С., Копбаева А.Б., Копбаев Д., Мауяева С.Т.</b> ӘКІМШІЛІК ЖАУАПТЫЛЫҚТЫҢ ҚОҒАМДЫҚ ҚАТЫНАСТАРДЫ РЕТТЕУДЕГІ РӨЛІ.....	58
<b>Тажмағамбет А.С., Қалаганов Б., Алмағамбетов П.А., Жанәділ А.Д.</b> КӘСІБИ ПАРЛАМЕНТАРИЗМ ИНСТИТУТЫН ҚҰРУ ЗАМАН ТАЛАБЫ .....	63
<b>Феткулов А.Х., Сейтхожин Б.У., Каржасова Г.Б., Орынбеков А.С.</b> ЕСІРТКІНІҢ ЗАҢСЫЗ АЙНАЛЫМЫНА ҚАРСЫ КҮРЕС САЛАСЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ .....	68

### ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМЫ – ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ НАУКА – PEDAGOGICAL SCIENCE

<b>Абдулова А.А., Мұхамеди Қ.Т.</b> ЖОБАЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ТІЛ САБАҚТАРЫНДА ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІ ЖАҚТАРЫ .....	73
<b>Абильдина С.К., Асетова Ж.Б.</b> КӘСІБИ ШЕБЕРЛІКТІҢ БЕРІК ІРГЕТАСЫ – МҰҒАЛІМНІҢ РУХАНИ МӘДЕНИЕТІ.....	77
<b>Абильдина С.К., Бозахаева Г.К.</b> ТАРИХИ ТҮСІНІКТЕР: ЗЕРДЕЛЕУДЕГІ АЛҒЫШАРТТАР .....	87
<b>Арепьева С.В.</b> СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ МАТЕМАТИЧЕСКОЙ ПОДГОТОВКИ СТУДЕНТОВ ТЕХНИЧЕСКИХ ВУЗОВ .....	87
<b>Аубакирова Р.Ж., Тайболатов Қ.М.</b> Ж. ЕСЕКЕЕВ И СОВРЕМЕННЫЕ ТЕНДЕНЦИИ МОДЕРНИЗАЦИИ СИСТЕМЫ ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН.....	92

**Тажмағамбет А.С.**

заң ғылымдарының магистрі, құқықтық пәндер кафедрасының доценті  
Қайнар Академиясы  
E-mail: amantay59@mail.ru  
Алматы қ.

**Копбаева А.Б.**

ассистент профессор, PhD  
Құқықтану кафедрасы  
Сулейман Демирель атындағы университет E-mail: aizhan.kopbayeva@sdu.edu.kz  
Алматы облысы, Қаскелең қ.

**Копбаев Д. З.**

з.ғ.к.  
E-mail: dumeke\_a@mail.ru  
Алматы қ.

**Мауяева С.Т.**

магистрант  
Құқықтану кафедрасы  
Нархоз Университеті  
E-mail: sandugash.mauyaeva@narхоз.kz

**ӘКІМШІЛІК ЖАУАПТЫЛЫҚТЫҢ ҚОҒАМДЫҚ  
ҚАТЫНАСТАРДЫ РЕТТЕУДЕГІ РӨЛІ**

*Түйін:* Әкімшілік жауаптылықтың қызметтері бұл, құқықтық жауаптылықтың негізгі мәнін анықтайтын және әлеуметтік мақсатын белгілейтін, қоғамдық қатынастарға ықпал етудің негізгі бағыттары болып табылады.

*Түйінді сөздер:* әкімшілік құқық бұзушылықтар, жауаптылық, жаза, құқықтық реттеу.

**Тажмағамбет А.С.**

магистр юридических наук,  
доцент кафедры юридических дисциплин  
Академия Кайнар  
E-mail: amantay59@mail.ru  
г. Алматы

**Копбаева А.Б.**

ассистент проф., PhD  
кафедра Правоведение  
Университет имени Сулеймана Демиреля  
E-mail: aizhan.kopbayeva@sdu.edu.kz  
Алматинская обл., г. Каскелен

**Копбаев Д.З.**

к.ю.н.  
E-mail: dumeke\_a@mail.ru  
г. Алматы

**Мауяева С.Т.**  
магистрантка  
кафедра Право  
Университет Нархоз  
E-mail: sandugash.mauyaeva@narxoz.kz  
г. Алматы

## **РОЛЬ АДМИНИСТРАТИВНОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТИ В РЕГУЛИРОВАНИИ ОБЩЕСТВЕННЫХ ОТНОШЕНИЙ**

***Резюме:** Функции административной ответственности – это основные направления ее воздействия на общественные отношения, в которых раскрывается сущность, социальное назначение юридической ответственности и через которые достигаются ее цели.*

***Ключевые слова:** административные правонарушения, ответственность, наказание, правовое регулирование.*

**Tazhmagambet A.S.**  
master of Law Sciences, associate professor of Legal disciplines  
Kaynar Academy  
E-mail: amantay59@mail.ru  
Almaty city

**Kopbayeva A.B.**  
PhD, assistant professor  
Department of Law  
Suleyman Demirel University  
E-mail: aizhan.kopbayeva@sdu.edu.kz  
Almaty region, Kaskelen city

**Kopbayev D.Z.**  
candidate of Law Sciences  
E-mail: dumeke\_a@mail.ru  
Almaty city

**Мауяева С.Т.**  
master student  
Department of law  
Narxoz University  
E-mail: sandugash.mauyaeva@narxoz.kz  
Almaty city

## **THE ROLE OF ADMINISTRATIVE RESPONSIBILITY IN REGULATING PUBLIC RELATIONS**

***Summary:** The functions of legal responsibility are its main areas impact on social relations, in which the essence is revealed, social purpose of legal responsibility and through which its goals are achieved.*

***Keywords:** administrative rights, accountability, ordering, right regulating.*

Біздің елімізде азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекет құрудың маңызды шарты – құқық пен тәртіпті нығайту, жеке құқықтар мен бостандықтарды қорғау деп танимыз. Бұл әрине дұрыс. Қоғам мен мемлекеттің тұрақты дамуын нығайтудың қажетті шарты тек қана тиімді, заманауи заңнаманы

калыптастыру ғана емес, сонымен қатар азаматтардың, лауазымды тұлғалардың, ұйымдардың сол нормалардың талаптарын сақтау болып табылады. Демократиялық мемлекетті құру және оның ең жоғары құндылығы адамдар болу үшін, заңмен белгіленген талаптардың орындалуын қамтамасыз ететін құқықтық тетіктерсіз мүмкін емес.

Осыған байланысты, әкімшілік – құқықтық жауапкершілік құқықтық тетіктердің ішінде ең тиімдісі болып табылады, себебі бұл профилактикалық сипатқа ие және қоғамға келтірілетін ірі залалдардың алдын алуға көмектеседі. Құқықтық жауапкершіліктің тиімділігі негізінен жауапкершіліктің ара жігін мұқият белгіленген критерийлеріне негізделген және құқықтық нормаларға сәйкес әрекет ету шараларының барабарлығына байланысты.

Әкімшілік жауапкершілік түсінігін сипаттайтын кейбір ғалымдар оның функцияларының сипаттамасына сілтеме жасап, оларды әкімшілік жауапкершілік шараларының құқықтық әсерінің негізгі бағыттары ретінде анықтайды.

Осы мәселені талдай отырып, «әкімшілік жауапкершіліктің мақсаттары» және «әкімшілік жауапкершілік функциялары» түсініктерін ажырата білу қажет.

Әкімшілік жауапкершіліктің мақсаттары әкімшілік юрисдикция органы кінәлі адамға әкімшілік жауапкершіліктің қолданатын, күтілетін немесе жоспарланған нәтиже болып табылады.

Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасының міндеті ретінде адамның және азаматтың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін, халықтың денсаулығын, санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығын, қоршаған ортаны, қоғамдық имандылықты, меншікті, қоғамдық тәртіпті және қауіпсіздікті, мемлекеттік билікті және мемлекеттік басқаруды жүзеге асырудың белгіленген тәртібін, ұйымдардың заңмен қорғалатын құқықтары мен мүдделерін әкімшілік құқық бұзушылықтардан қорғау, сондай-ақ олардың жасалуының алдын алу деп көрсетілген [1]. Қоғамдық қатынастарды қорғау және әкімшілік құқық бұзушылықты болдырмау міндеті әкімшілік жауапкершіліктің реттеушілік, алдын алу, жазалау, қалпына келтіру және тәрбиелеу функцияларын орындамаған жағдайда табысты шешілмейді. Қоғамдық қатынастарды тиімді қорғау үшін олардың құқықтық нормалармен реттелуі, дұрыс жүйеленуі қажет.

Әкімшілік жауапкершілік функциялары туралы әңгіме қозғайтын болсақ, олар әкімшілік жауапкершіліктің қоғамдық қатынастарға, субъектілердің мінез-құлқына, моральге, әділдік пен мәдениетке деген әсерінің негізгі бағыттары ретінде қарастырылуы керек.

Әкімшілік жауаптылық институтының дамуына белгілі бір деңгейде әсер еткен еліміздің қылмыстылық жағдайы, қоғамдық өмірдің әр саласындағы заңға қайшы әрекеттердің көбеюі.

Қазіргі таңда, құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғамда, саяси және экономикалық салаларда түбегейлі жаңа қарым-қатынастар, жария және жеке мүдделердің жаңа принциптерінің қалыптасуы, әкімшілік жауаптылықтың құқықтық реттелуінің идеологиясы мен практикасының өзгеруі, бұл институттың қақтығыстарды шешудегі рөліу арттырып келеді.

Әкімшілік жауапкершіліктің реттеушілік рөлі ретінде: белгілі бір әрекеттерді жасауына тиым салу, позитивті міндет жүктеу, заңды мінез-құлық құрамын белгілеуден және көтермелеу әдісін атауға болады. Осылай, әкімшілік жауаптылық субъектілерінің мінез-құлқын алдына-ала белгілеп, анықтауға мүмкіндік береді.

Әкімшілік-құқықтық нормада қарастырылған әрекеттердің күрделі кешенді бағдарламасын жүзеге асыратын субъект өзінің мінез-құлқын атқарушы органның қатысуы арқылы құқықтық нормалармен үйлестіреді. Сондықтан, лауазымды тұлғалардың әрекетін реттеу, қадағалау мен әкімшілік жауапкершіліктің санкцияларына назар аудару маңызды. Әкімшілік-құқықтық нормалардағы реттеушілік нормалар нақты белгіленуі қажет, яғни еркін әрекетке жол берілмеуі тиіс.

Мінез-құлықты реттеу тек міндеттеу мен тиым салудан ғана емес, сонымен қатар, көтермелеу әдісі арқылы да жүзеге асырылады. Құқықтық жүйенің қалыпты әрекет етуі мен әлеуметтік тәртіпті орнату үшін құқықтағы көтермелеу, жаза мен қатар қажетті «табиғи» әдіс.

Құқықтық көтермелеу адамның санасына оң әсер ететін фактор болып табылады, белгілі бір жеңілдіктер алуға қызығушылық туғызады, субъектінің еркіндігіне және бірінші кезекте оның еркін шешіміне байланысты нәтиже күтуіне үндейді. Сонымен қатар, позитивті әдістер арқылы субъектінің заңға қайшы мінез-құлқын тежегіш рөлін атқара алады.

Әлеуметтік ақпаратты тарату жылдам жүзеге асырылатынын ескерсек, алайда бұл жерде жазалау туралы емес, көтермелеу туралы басқа тұлғалардың санасына әсер етіп, оларды заңды түрде әрекет

етуге ынталандыратындықтан, оны алған субъектіне ғана емес, басқа адамдарға да әсер етеді.

Санкцияда тек жазалау ғана бар деп, бұл пікір жоққа шығарылуы мүмкін алайда, ресейлік жалпы құқық теориясының өкілдері мен қатар салалық заң ғылымының өкілдері де көтермелеу санкцияларын қолдауда.

Әсіресе, еңбек және кәсіпкерлік қызметте көтермелеу маңызды болып табылады.

Қазақстан Республикасының 2015 жылы 29 қазанда қабылданған Кәсіпкерлік кодексінің 16-бабында кәсіпкерлік субъектілерін дамытуды ынталандыру мақсатында мемлекет кәсіпкерлік бастаманы іске асыру үшін қолайлы құқықтық, экономикалық, әлеуметтік жағдайлар мен кепілдіктер жасауға бағытталған шаралар кешенін жүргізеді. Кәсіпкерлік қызметті ынталандыру, оның ішінде кәсіпкерлікті қорғау мен қолдауды қамтамасыз ету арқылы жүзеге асырылады [2]. Салық жеңілдіктерін белгілеуді, жеңілдікті жағдайларда шағын бизнесті кредиттеуді көздейтін нормалар бар. Осы орайда құқықтық жүйенің мотивациялық-ынталандыру рөліне назар аудару мен талдау жасау қажет.

Субъект көтермелеу арқылы қосымша артықшылықтар алуға итермелейді. Оның мүдделерін қанағаттандыруға ұмтылысы оны әдеттегі талаптарынан асып түсетін белсенді әлеуметтік тұрғыдан пайдалы мінез-құлықты жүзеге асыруға тырысады. Ынталандыру жүйесі осы мінез-құлық ерекшеліктеріне сүйеніп жасалғаны анық. Құқықтағы позитивті көтермелеу немесе ынталандыру құқықтық белсенділікті артырудың алғы шарты да болуы мүмкін. Бұл Құқықтық сананы көтеруге мүмкіндік беретінін ескерген жөн. Адамның мінез-құлқына мотивация болатын сана мен еріктілік болып табылады.

Негізгі тұжырым ретінде белгілейтініміз ол, тек қана әлеуметтік пайдалы іс-әрекеттерді ынталандыру емес сонымен қатар, адамның, ұжымның, мемлекеттің және бүкіл қоғамның мүдделеріне нұқсан келтіретін, әлеуметтік зиянды әрекеттерді тежеу мақсатында құқықтағы ынталандыруды құқықтық шектеулермен ұтымды түрде кіріктіру қажет. Құқық субъектісінің қарама-қарсы әрекеттердің ішінде таңдау құқығы мен альтернативасы бар болса ғана ынталандыру ұтымды әрекет етеді.

Сондықтан, әкімшілік-құқықтық көтермелеу (ынталандыру) нормаларын қарастыру қажет деп есептеймін.

Әкімшілік жауаптылық қоғамдық қатынастарды реттеуде алдын-алу функциясы арқылы жүзеге асырылады, ол әкімшілік құқықтың нормалардың реттеу және қорғау функцияларымен байланысты.

Әкімшілік құқық бұзушылықтар қоғамға елеулі зиян келтірмегенімен, әкімшілік жауаптылық қылмыстардың алдын-алуда негізгі құрал ретінде қарауымыз керек. Өйткені, көптеген әкімшілік құқық бұзушылықтар қылмыспен шектес болады. Осындай шектес құқық бұзушылықтардың алдын алу арқылы әкімшілік жауапкершілік қылмыстың алдын алады. Жалпы, әкімшілік жаза құқық бұзушылықты жасаған тұлғаны заңнама талаптарын сақтау және құқық тәртібін құрметтеу рухында тәрбиелеу, сондай-ақ құқық бұзушының өзінің де, басқа тұлғалардың да жаңа құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу мақсатында қолданылады [1].

Әкімшілік жауаптылықтың алдын алу функциясы заңсыз қол сұғушылықты (жеке алдын алу) жасаған адамның болашақта бұзуына жол бермейді және басқа тұлғалардың құқық бұзушылықтарына жол бермейді (жалпы алдын алу).

Жеке алдын алу құқық бұзушылық жасаған тұлғаның теріс баға беруі арқылы, заң шығарушының пайымдауынша оның теріс мінез-құлығын өзгертуі тиіс. Өз кезегінде әкімшілік құқық бұзушылардың жауапкершілікке тартылғаны туралы, сондай-ақ қолданыстағы әкімшілік-құқықтық тыйымдар туралы ақпаратты жариялау және тарату жалпы алдын алу қызметі болып табылады.

Осы орайда, әкімшілік жауаптылықтың тәрбиелеу функциясына толқатпаған жөн. Әкімшілік жауаптылықтың тәрбиелеу функциясының мәні азаматтардың санасы мен еркіне әсер ету арқылы заңға бағынатын ортаны қалыптастыру және сол ортада құндылық бағдарларын анықтау. Заңның беделін көтеру, заң талаптарын құрметтеуді талап етумен, заңды мінез-құлыққа ықпал ету арқылы, тәрбиелеу функциясы демократизм, адамгершілік, әділдік, тұлғаның құқықтары мен бостандықтарының басымдылығын, құқық жүйесіндегі заңның сөзсіз билігін насихаттайды, сонымен бірге халықтың құқықтық және саяси белсенділігін нығайтуға септігін тигізеді [3].

Құқықтың тәрбиелік әсер етуі келесі жолдармен жүзеге асырылуы мүмкін:

- нормативтік актілердің қабылдау мақсаты мен мотивін, мазмұнын халыққа түсіндіру;
- құқық нормасын бұзған жағдайда туындайтын салдары туралы ескерту;
- әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша іс жүргізетін соттардың, уәкілетті органдардың әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша істі қарау нәтижелері туралы халықты ақпараттандыру.

Құқықтың тәрбиелеу функциясын жүзеге асырудың ең тиімді қолданылатын әдістерінің бірі бұқаралық ақпарат құралдары, мерзімді басылымдар, интернет және теледидар арқылы жүйелендірілген ақпарат тарату болып табылады.

Әкімшілік жауаптылықтың тәрбиелеу функциясының басты міндеттерінің бірі – жоғары құқықтық сананы қалыптастыру, азаматтар арасында заңды мінез-құлықты ынталандыру екенін ескерген жөн.

Әкімшілік жауаптылықтың функцияларын талдай келе, оның қоғамдағы мақсаты мен маңызы құқықтық қатынасты реттеуде деген қорытынды келдік.

Алайда, әкімшілік басқару нормаларының барлығы адамдардың тілектері мен көңілінен шыға бермейтінін ескерсек, олардың негативті бағасы мен санасында қолдау таппауы мүмкін. Мұндай жағдайларда құқықтың тәрбиелеу функциясы өз мақсатына жетпейді. Сондықтан жоғарыда аталған көтермелеу нормаларын тиімді падаланудың өз маңызы бар.

#### **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:**

1. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі.
2. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 29 қазандағы № 375-V ҚРЗ Кәсіпкерлік Кодексі.
3. Безукладова А.А. Воспитательная функция права и правовые средства ей сопутствующие // *Universum: Экономика и юриспруденция* : электрон. научн. журн. 2017. № 11(44).